

Орал қаласында иттер мен мысықтарды ұстаудың ережесі туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2006 жылғы 21 желтоқсандағы № 39-16 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 12 қаңтарда № 7-1-58 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2012 жылғы 28 мамырдағы № 5-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2012.05.28 № 5-6 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы, 1-тармағы, 8-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311-бабына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Орал қаласында иттер мен мысықтарды ұстаудың ережесі" 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Орал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің 2 қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Орал қалалық мәслихатының кезекті
XXXIX сессиясының төрағасы*

Орал қалалық мәслихатының хатшысы

Орал қалалық мәслихатының
2006 жылғы 21 желтоқсандағы
N 39-16 шешімімен бекітілді
№ 1 қосымша

Орал қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Орал қаласы аумағындағы иті пен мысығы бар барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.
2. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) ит - көлемі, түсі және өзге да белгілеріне карамастан ит тұқымдасына

р ұ қ с а т ы м е н

ұ с т а у ғ а .

6. Иттер мен мысық иелері міндетті:

1) сатып алған күннен бастап екі апталық мерзімде өздерінің жануарларын Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігінің Орал қалалық аумақтық инспекциясының ветеринарлық бөлімінде тіркеуге;

2) иттер мен мысықтарды ұстау, өсіру және пайдалануды ветеринарлық (ветеринарлық-санитарлық) норматив пен ережелерге сәйкес жүзеге асыруға;

3) иттер мен мысықтардың адамдарды және басқа да жануарларды тістеп алуы, жарақаттау жағдайлары туралы медициналық мекемелерге, қалалық ветеринарлық станцияларға тез хабарлауға;

4) ветеринарлық мекемелер мамандарының талаптары бойынша қарсылықсыз жануарларды тексеруге, диагностикалық зерттеулер жүргізуге және емдеу-профилактикалық өңдеу үшін әкелуге;

5) үнемі иттерінің мойнына жақсы көрінетін, иттің аты, оның тұқымы, иесінің мекен-жайы мен телефоны, (созылмалы, қауіпті) аурулардың бар болуы туралы жазылған сырға бекітілген қарғы тағуы қажет.

6) иттің немесе мысықтың отбасында болуы жағдайында немесе кәмелетке толмаған балалардың жануарлармен бірге тұруы кезінде жануарларға ішек және тері паразиттерінен өңдеу жұмыстарын мерзімді жүргізуге.

3. Иттер мен мысықтарды ұстау

7. Иттер мен мысықтардың иелеріне тыйым салынады:

1) мас күйдегі адамдарға және 14 жастан төмен балаларға қоғамдық орындар мен көліктерде жануарларды серуендетуге және олармен осы орындарда жүруіне ;

2) жануарларды қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына, азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдарына әкелуге және ұстауға;

3) иттерді шылбырсыз және тұмылдырықсыз серуенге шығаруға;

4) құтыруға қарсы вакцинадан өтпеген иттерді серуендетуге.

4. Иттер мен мысықтарды қоғамдық көліктерде тасымалдау

8. Иттер мен мысықтарды қалалық көлікте тасымалдау келесі жағдайда р ұ қ с а т е т і л е д і :

1) тасымалданатын ит тұмылдырықта және қысқа тізгінде болуы қажет;

2) тасымалданатын мысық жабық кәрзеңкеге немесе жәшікке салынуы қажет.

5. Тұрғын үй кооперативтерінің, пәтер иелері кооперативтерінің, кондоминиумдардың иттер мен мысықтарды ұстау ережесін қамтамасыз ету бойынша құқықтары

9. Тұрғын үй кооперативтері, пәтер иелері кооперативтері, үй-жай иелері кооперативтері, кондоминиумдар құқылы:

1) пәтер иелерінің кооперативтеріне, тұрғын үй кооперативтеріне, кондоминиумдарға бекітілген аумақта немесе құрылыс салудан бос және кооперативке жапсарлас шағын ауданның (махалланың) аумағында кестелер мен белгілерді орнатумен иттерді серуендету о р ы н д а р ы н б е л г і л е у ;

2) иттердің серуендеу орны белгіленген аула аумақтарын санитарлық ж а ғ д а й д а ұ с т а у ;

3) иттер мен мысықтар кіре алмайтындай жер астына, шатырларға және тағы басқа да жабық күйдегі қосымша жайларға кіру есігін ұстау;

4) жануарларды ұстаумен айналысатын ұйымдарға өзінің аумағында үйсіз қаңғыбас иттер мен мысықтардың болуын хабарлау.

О р а л қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 6 ж ы л ғы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғы
№ 39-16 шешіміне 2 қосымша

Орал қалалық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізімі

1. Орал қалалық мәслихатының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 29-13 "Орал қаласында иттер мен мысықтарды серуенге шығару ережесі туралы" шешімі (тіркеу № 7-1-27, 2006 жылғы 26 қаңтарда "Жайық үні" газетінің № 4 ж а р и я л а н ғ а н) .

2. Орал қалалық мәслихатының 2006 жылғы 27 ақпандағы № 30-16 "2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 29-13 "Орал қаласында иттер мен мысықтарды серуенге шығару ережесі туралы" мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (тіркеу № 7-1-30, 2006 жылғы 23 наурызда "Жайық үні" газетінің № 12 ж а р и я л а н ғ а н) .

3. Орал қалалық мәслихатының 2006 жылғы 25 сәуірдегі № 32-4 "2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 29-13 "Орал қаласында иттер мен мысықтарды серуенге шығару ережесі туралы" мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (тіркеу № 7-1-41, 2006 жылғы 11 мамырда "Жайық үні" газетінің № 19

ж а р и я л а н ғ а н) .

4. Орал қалалық мәслихатының 2006 жылғы 12 қазандағы № 37-15 "2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 29-13 "Орал қаласында иттер мен мысықтарды серуенге шығару ережесі туралы" мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (тіркеу № 7-1-53, 2006 жылғы 9 қарашада "Жайық үні" газетінің № 45 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК